

2003, 38 (in Russ).

2. Nazarbaev N.A., *Novyj Kazahstan v novom mire. Kazahstanskaja pravda*. 2007, 1 marta, 33 (in Russ).

3. Nazarbaev N.A., *Social'naja modernizacija Kazahstana. Dvadcat' shagov k Obshhestvu Vseobshhego Truda. Kazahstanskaja pravda*. 2012, 10 ijulja, 218-219 (in Russ).

4. *Konstitucija Respubliki Kazahstan ot 30 avgusta 1995 goda. Rezhim dostupa, <http://adilet.zan.kz/rus/search/docs/va=KONS>* (in Russ).

5. *Zakon Respubliki Kazahstan O jazykah ot 11 ijulja 1997 goda. Rezhim dostupa, <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000>* (in Russ).

6. *Zakon Ob obrazovanii ot 27 ijulja 2007 goda 319-III, Kazahstanskaja pravda*. 2007, 127, 15 avgusta (in Russ).

7. *Gosudarstvennaja programma funkcionirovanija jazykov v Respublike Kazahstan na 2001-2010 gg. Kazahstanskaja pravda*. 2001, 47-48, 17 fevr. (in Russ).

8. *Gosudarstvennaja programma razvitija obrazovanija Respubliki Kazahstan na 2011-2020 gody. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 7 dekabrya 2010 goda 1118, Rezhim dostupa <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>* (in Russ).

9. *Koncepcija razvitija inojazychnogo obrazovanija Respubliki Kazahstan. Almaty, Kazahskij universitet mezhdunarodnyh otnoshenij i mirovyh jazykov imeni Abylay hana, 2006* (in Russ).

ӘОЖ 94:903(574)

А.А. МҰҚАТАЕВА, Е.Е. ТАТИЕВ

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАУЫНГЕРЛІК САЛТ-ДӘСТҮРДЕГІ ПЕТРОГЛИФТЕР (ТАС БЕТІ СУРЕТТЕРІ)

Мақалада түркі дәуіріндегі жауынгерлік дәстүр туралы баяндалған. Автор жауынгерлік дәстүр турасында түркі тарихын зерттеушілер деректерін келтіре отырып, оны петроглифтермен (тас беті суреттері) байланыстырады. Ежелгі түркі кезеңі жауынгерлік дәстүрдің саяси-әлеуметтік және батальдық үрдістің жоғарғы дәрежесін құрған мемлекет болып саналады. Сайын даланың көк түркілері көшпенділер әлемінде трансмиссиялық қызмет атқарған. Ол сақ-ғұн дәуіріндегі жауынгерлік салт-дәстүр мен бүгінгі күндегі қазақ дүниетанымындағы танымдық әдет-ғұрыптарды жалғастырушы «алтын көпір» іспетес.

Түйін сөздер: түркі дәуірі, этнография, петроглиф, салт-дәстүр, жауынгерлік орта.

ПЕТРОГЛИФЫ (РИСУНКИ НА КАМНЯХ) ТЮРКСКОЙ ЭПОХИ НА ТЕМУ ВОИНСТВЕННЫЕ ТРАДИЦИИ

В статье изложены боевые традиции тюркской эпохи. Автор с приведением данных о боевой истории тюркской традиции ученых-исследователей, связывает их с петроглифтами (наскальными рисунками). Боевые традиции древних тюрков свидетельствуют о становлении и развитии государственности. Боевые качества

тюркских воинов в средневековом мире оценивались очень высоко и обеспечили им всемирную славу. Говоря о боевых традициях гуннов и саков, следует отметить, что правила, обычаи и нормы поведения воинов в бою и при несении воинской службы передавались из поколения в поколение.

Ключевые слова: тюркская эпоха, этнография, петроглифы, традиции, военные культуры.

PETROGLYPHS (DRAWINGS ON STONE) TURKIC EPOCH ABOUT WARFARE TRADITIONS

The article describes the fighting traditions of the Turkic period. Author, with data about the combat history of the Turkic tradition of research scientists, svyazyvet them petroglyftami (rock paintings). Martial traditions of ancient Turks testify about the formation and development of statehood. in the medieval world of Martial quality Turkish soldiers were assessed very highly and provided them worldwide fame. Speaking of the military traditions of the Huns and Saks, it should be noted that the rules, customs, and norms of behavior of soldiers in combat and military service passed from generation to generation.

Keywords: turkic era, ethnography, petroglyphs, traditions, military cults.

Қазақ даласындағы жауынгерлік дәстүрі сонау замандарда түркі дәуірінен, одан қалса ықылам замандағы сақ-ғұн дәуірлерінен басталғанын тарихтан мәлім. Осынау ұлттық құндылықтарымыздың қатарынан саналатын жауынгерлік дәстүр туралы деректер, бұлтартпас айғақтардың қатарында, сайын даламыздағы табылған және табылып жатқан тас беті суреттері петроглифтер деп айтылса артық болмас. Тарих тек ғана жазба деректермен толысады деу, артық болар, әсіресе көшпенділер тарихын айтқанда бір ғана жақты зерттеу жеткіліксіз болары анық.

Көшпенділер тарихының зерттелуі – мәдени-синтездік тәсіл. Онда тарихпен бірге археология, этнография, этнология, фольклор жанры, мәдениеттану т.б. тәрізді ғылымдардың кезек-кезек араласуы арқылы жинақы зерттеу шығады. Ал осылардың ішіндегі көрнекілік материалдар дерегі өз алдына жеке дүние. Осы тұрғыдан алғанда көрнекілік материалдар дерегі тас беті суреттері – петроглифтер мол, әрі анық мағлұматтар береді.

Тақырып арнасы түркі дәуіріндегі жауынгерлік салт-дәстүр болғандықтан ежелгі түркілер туралы бірер сөз айта кету керек.

Түркілер, оның ішінде бірінші қағанат түріктері 546-658 жж. аралығын қамтитын тарихи кезең болып табылады. Оның басталуы Бумын қағанның өз тайпасымен жужандарды Батыс Вэй одағымен тізе қосып талқандауы. Онда былай келтірген болатын. Бірінші «Батыс Вей императоры Вэнь-ди Ань Нопаньто деген біреуді достық қатынас үшін түркі сұлтаны Бумынға жібереді. Бумын осы одақтасты шебер пайдалана отырып, жужан ханы Анаухуанның қызына үйленбекші болып ханға сөз салды... Қаһарына мінген хан оған дөрекі жауап қайтарады: «Әй сен менің телмірген теміршімсің. Маған мұндай көргенсіздік жасауға қалай дәтің барады!»... Осыдан кейін ол (Бумын) дереу Вэнь-димен

қайта келіссөз жүргізіп... 552 жылдың қысында жорыққа шығады да жужандарды толығымен жеңіп шығады».

Кетірілген тарихи дерек түркі жұртының тарих сахнасына шығу сәтін бейнелеген оқиға. Сонымен бірге болған жағдайдан, жауынгер түркілердің темір өндіру ісімен айналысқаны туралы да баяндалып тұр. Бұл тұста ең басты тоқталатын жайт, түркілердің өсіп-өркендеуіне себеп болған Бумын қағанның іс-әрекеті болса да, ең маңыздысы олардың темір өндірушілер екендігі жөніндегі алғашқы мәліметтердің табылуында.

Түркілердің темір өндіру мәселесі тарихта ең елеулі оқиғалардың ретінде саналады. Жалпы адамзат тарихындағы темір өндіру ісі туралы ойшылдар мен ғалымдардың пікірлеріне тоқталсақ. Немістің көрнекті ойшылы Ф. Энгельс: «Жоғарғы саты. Темір кенін дамытудан басталады да, әріптік жазуды ойлап тауып, оны сөз шығармашылығын жазуға қолдану нәтижесінде нағыз өркениетке айналады», – десе, отандық академик ғалым Ғ. Есім: «Темірді (металл) жете меңгеру – зор білімді, зерделілікті, қайраттылықты қажет ететін іс... Металл қасиетін тану түркі жұртының қағанаттық ойлау жүйесін көтерген», – деп жазады. Бұдан шығатын қорытынды тек түркі дәуірінде ғана темір өндіру ісі ғана болды деп бөліну емес, металды (темір) игеру адамзат өмірінің өркениеттік құбылысы, жетістігі ретінде қабылдау қажет. Ал осы «металл қасиетін тану» түркі жұртына тиесілі болғандығын қаһарына мінген хан оған дөрекі жауаптан байқауға болады.

Келесі бір мәселе сол түркілердің металл өндіруіне арналады.

Л. Гумилевтің «Ежелгі түркілер» атты еңбегінде: «Темір балқытушылар темір рудасын тауып, балқытып, оған көміртегі тотығын қосу арқылы «құрыш» деп аталатын кеуікті металды айырып алып отырды», «Түркілерге тұтас тұрғылас болған Аңғар өңірі құрықандарының мәдениеті де көз тартады. Әуелгі кезде 1912-1914 жж. археологиялық қазба нәтижесінде олар «құрымшы ұсталары» деген атақ алды», – деп жазады, ал А.П. Окладников олардың құрықандар (тайпа атауы) екенін дәлелдеді. «Құрықандардың құйма темірі құрамының 99,45 проценті таза металл болған, сол себепті де ол өте берік, шыңдауға қолайлы болған», – дейді. Бұл жерден түркілердің темір өндірумен айналысқаны және тайпасының өзі де металл атауымен байланысты екендігі байқалады.

М. Қашқаридың «Түркі сөздігінде» «құрыш» сөздерін «құрч», «темур» жазады. Ал қазақ совет энциклопедиясында: «Құрыш сөзінің синонимі – болат», – деп берілген. Қару зерттеуші Қалиолла Ақметжан болат металына қатысты былай дейді: «Бұл сөз түркі тіліне парсы-араб тілінен ауысқан, шыныққан құрыштың атауы (фулад, пулад). Болаттың түркі тіліндегі төл атауы – «алмас». Болаттың жай құрыштан айырмашылығы соғу барысында қалыптасатын өзіндік өрнегінде және түсінің реңінде. Шығыста дамаскілік болаттың толқынды,

ағынды өрнектерін «жауһар» (ар.) деп атаған. Ең жақсы өрнектері бар алмас қылыш «жауһардар» деп аталады.

Қазақ тарихы көптеген кезеңдерді басынан өткізді. Сондай ықпалды кезеңнің бірі көк түркілердің ыдырау шағындағы Мұсылман Реннесансы мәдениеті, яғни IX ғасырлардағы жағдай. Ол көбінесе парсы-араб деректерімен толыққан ақпарат жүйелерін береді. Аталған кезеңнің өзі түркі әлеміндегі өте үлкен әсер қалдырса керек. Бұл тақырыпқа тоқталу себеп те қазақ тарихындағы жауынгерлік дәстүрдің (қару-жарақ атаулары) өзі анализдік, мәдени-синтездік тәсілдерді қажет ететіндігін дәлелдесе керек.

Келесі тақырып түркі дәуіріндегі жауынгерлік бейнедегі тас беті суреттеріне арналады. Жалпы түркі петроглифтерін зерттеу VI-VIII ғасырлар аралықтарын қамтиды. Бірақ бұл нақты уақыт мерзімі емес. Қазақстан территориясындағы түркі дәуіріне де қатысты петроглифтер жыл сайын өз санын молайтуда.

Түркі петроглифтерінің лейтмотиві өз дәрежелерін, не болмаса тайпаларының үстемдігін байқату, даңқын көрсету жағынан мінсіз. Салт атты сауыт киген жауынгерлер суреттер, түркі зерттеушісі И. Бичурин айтып келтіргендей: «Ертедегі түркілер әлгі өздері тапқан құрыштан қайқылау келген сала құлаш қылыш, екі жүзді ауыр семсерлер жасады, ұзындығы кезге жуық сүңгілі найза, құрыштан жасалған ысқырық оқ, мүйіз жақ, темір сауыт, іші мақпал, етегі мойынды жапқан темір дулыға жасады», – деген сипатамаларымен құба-құп келетіндей.

Сонымен түркі петроглифтерінің бір қатарына жеке-жеке тоқталуға болады, «Салт атты ежелгі түркі», петроглифі оңтүстік Қазақстанның Тараз облысындағы Хантау тауы Шиенті жазығынан табылған. Бұл Шиенті жазығында әр уақыт арлығындағы дәуірдегі петроглифтер туындылары мен неолит заманындағы қорғандар да бар. Салт атты силуэтті композициядан тұрады. Аттың түр сипаты төрт аяғы тең түскен жарау, денесі іш тартқан келісті бәйгенің бейнесін көз алдыға келтіретіндей. Алдыңғы аяғы артқы аяқтарынан жуандау, жалы нақты байқалмағанымен құйрығы әсемдеп түйілген. Үстіндегі адам алдыға еңкейіңкіреп, бір қолымен аттың жалын ұстағандай болса, екінші қолымен атты қамшылап отырғандай кейіпті білдіреді. Және адамның аяғы тым жіңішке салынған, бір жағынан алғанда қылышқа келеді. Бірақ та Л. Гумилевтің айтуына қарағанда түріктер үзеңгілерін төменірек түсіретін болған. Себебі ат үстінде отырып, ұрыс салғанға тиімді.

«Салт атты және жаяу садақшылардың соғысы». Тамғалы. Шу-Іле тауының оңтүстік-шығыс бөлігі. Алматы қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 км шамасындағы Аңырақай тауы. Бір-біріне садақ кезеген екі жауынгер бейнесін салған белгісіз суретші сурет салудың өзінде де екі бөлек техниканы қолданғандай. Ат үстіндегі садақшыны тек контур сызықтар арқылы орындаған.

Ал жаяу садақшы болса, силуэт техникасында. Яғни дақ арқылы келтірген. Екі сарбаздың да бастарына кигендерінің өзгешелігі тайға таңба басқандай нақты көрініп тұр. Ат үстіндегі садақшы сарбаздың басындағы кигені қос мүйізді тәріздес келген.



1-сурет – Салт атты ежелгі түркі



2-сурет – Салт атты және жаяу садақшылардың соғысы

Ал екінші жаяу садақшыда дулығаға ұқсас үшкірлеу болып келеді. Сол сияқты садақтарының жебесінің өзгешеліктері тайға таңба басқандай. Аттылы садақшы жебесінің басы, жаяу садақшы жауынгердің жебесіне қарағанда шеңбер тәріздес келген. Осындай сюжетті петроглифтер Баянжүректе де табылған. Онда салт атты жауынгер мен садақ тартушы және тағы батальдық кейіпкерлер белгілі бір сюжетті қамтиды. Шеңбер тәріздес болып келген садақ жебесінің басы Моңғолиядағы садақ жебелерінің типтеріне келеді. Және садақшылар басым

жағдайда, садақты иықтарынан қойып ататыны байқалады. Тек «Салт атты және жаяу садақшылардың соғысы» тас петроглифіндегі дулығалы садақшы, садақты енді ғана кезеу салдарынан өзгергені болмаса. Садақтарды иыққа салып тарту, Геродот айтқандай, сақтар садақты кеудесіне емес, иығына қойып атқан, олар оң иыққа да, сол иыққа да қойып ата беретін болған. Сақ жауынгері – ол атты садақшы. Соған қарағанда түркілердің садақ атуы дәстүрлі жүйеде.



3-сурет – Сауыт киген сарбаздар

Осыған ұқсас түрік заманындағы туындылардың бірі – «Сауыт киген сарбаздар». Петроглиф оңтүстік Қазақстанның Тараз облысындағы Хантау тауы Сарыбұлақта. Аттылы садақшының қос мүйіз тәріздес болып келген басындағы кигені, қаз-қатар тізілген сарбаздардың бастарына кигендеріне өте ұқсас келеді. Осындай қос мүйіз тәріздес болып келген бас киімі бар сарбаздар тұрпаты Моңғолияда табылған петроглифпен өте ұқсас. Онда торлы сауыт киген мүйізтәріздес бас киім киген екі сарбаз бейнесі салынған. Торлы сауыт кигендеріне қарағанда мұз құрсаңғандай сауыт киген атты сарбаздар жүйесін құраған. Бүгінде ғылымда алғашқы сауыт-киім қашан пайда болғаны жөнінді таласты пікірлер бар. Ежелгі қытай тарихшысы Сыма Цянь сарбаз сауыттары алғаш ғұндарда болғаны туралы айтады. Біз әдепкіде күрделі сауытты

сарбаздарды, батыс тілімен рыцарь деп атаймыз. Рыцарь сөзі неміс тілінен аударғанда «салт атты» деген мағына береді екен. Қос мүйіз тәріздес темір бас киімдер Ешкіөлмес, Теректі жартастарында да кездеседі. Қос мүйізді темір бас киімдер ертеден белгілі, көп жағдайда қорғаныстық және айбар қызметін атқарған.

Қаз-қатар тізілген сарбаздардың төменгі жағындағы қос мүйізді бас киімді, тулы найза ұстаған аттылы жауынгер және жаяулы найза кезеген жауынгер бейнеленген. Олар Баянжүректегі осындай сюжеттегі аттылы және жаяу найза ұстаған жауынгерлеріне ұқсас. Баянжүректегілердің найзалары нақты көрінбейді. Ал Хантауы Сарбұлақтағы найзалар жақсы көрсетілген. Хантауы Сарбұлақтағы аттылы найзагердің, тулы найза басында төмен салбырай келген, матаға жалғаса домалақ пішінді зат байқалады. Бұл да Моңғолиядағы табылған петроглифтегі торлы сарбаздар найзасындағы домалақ пішінді найзаға келеді.



4-сурет – Ежелгі түріктердің даңқы

Қазақстан территориясында кездесетін ежелгі түрік заманындағы мына бір петроглиф «Ежелгі түріктердің даңқы» өзінің ерекше саяси мазмұнымен ерекше. Петроглиф Оңтүстік Қазақстан, Кіндіктас тауы, Іле Алатауының солтүстік-батыс бөлігінде. Бұл – аса тәкәппар асыл бекзадалардың қатысумен ерекшеленетін композициялық құрылым. Бастарына шошақ тәріздес болып келетін бас киімді ақсүйектердің бірі аттан түсіп тұрса, қалған екеуі ту ұстаған қалыпта бейнеленген. Асыл бекзадалардың артқы жағында тізерлей келген садақшы бұғыны атқалы келеді. Бұғының аяғының бүгіліп келуін салуға қарағанда құрбандық шалу рәсімі

деп ойлауға болады. Және бұғыны атқалы тұрған садақшы жебесі үшбұрыштанып келіп жалпақ күйде салынған. Осындай үшбұрыштанып келген жебе ұштары, Ешкіөлместегі және Баянжүрек жерлеріндегі тас-петроглифтеріндегі аңшылар садақтарының жебелерінде де бедерленген. Әсіресе Ешкіөлместегі аңшылар садақтары Кіндіктастағы аңшылы садақшының жебе басынан, көбірек ұқсас, жалпақ. Сол сияқты Қаракүңгей садақшылары бірі аттылы күйінде салынса, бір аңға садақ кезеген күйде берілген. Аттылы садақшы, түркі зергерлерінен шыққан садақ тартқан мергеннің бейнесіне келеді. Бірақ тастағы садақ кезеген аңшы алға қарап келеді.



5-сурет – Ту ұстаушы

Келесі бір түрік туындыларының бірі – «Ту ұстаушы». Бұл да Тамғалыдағы жартастарда бейнеленген. Шу-Іле тауының оңтүстік-шығыс бөлігі. Петроглиф, «Тамғалы тастағы суреттер жайлы» жазылған А.Г. Максимова, А.С. Ермолаева, А.Н. Марьяшев еңбектерінде жақсы суреттелген. Үстіне кісі мінген аттың бейнесі реалистік тұрғыда берілген. Аттың ұзын да жіңішке денесі, жоталы жалпақ мойыны кішкене басқа жалғасқан. Аяқтары жіңішке, алдыңғы аяғы алға созылып салынған. Құйрығы жіңішке келеді, тегі түйілген. Жалдары айдар тәріздес қылып күзелген. Бір қарағанда, аттың басын түсіну мүмкін емес. Алайда суретші аттың жүген әшекейлеріне назар аударып, стилизацияға бой алдырған. Ежелгі түрік туындылары аттардың бейнесінің әсемдеп салуымен ерекше көзге түседі. Аттарды бұлай әсемдеп бейнелеу Алтай, Енесей, Аңғар жерлеріндегі тасқа салынған петроглифтермен тығыз байланыста екенін А.П. Окаладниковтың зерттеулерінде де келтіріледі. Үстіне отырған адам кең иықты, мықыны келісті келіп, өзі қырындап, алға еңкейіңкіреп отыр. Бір қолымен шашақты туды ұстаса, екінші қолымен қайқы бас қылышты ұстап тұрған бейнесі ұран тасатандай. Осы

негіздегі Баян жүрек, Сауысқандық жерлеріндегі ту ұстаған сарбаздар бейнесімен ұқсас. Баян жүректегі ту ұстаушы тік, әрі аяғына бейне бір тіреп қойған тәрізді туы желбірей бейнеленген.

Тағы да Тамғалыдағы «Ту ұстаушы» салт аттылар бірінде аттың айдарлы-тұмарлы бейнелері көрсетілген. Бірінде ердің тоқымы үлкен күйінде салынған, және туды көлденің ұстаған қалыпта. Тудың матасына үш тарамды шашақ жалғасқан. Ал екіншісінде ту тігінен ұстаған қалыпта салынған.

Қорыта айтқанда, ежелгі түркілер дәуіріндегі петроглифтер өзге дәуірлер мен дәстүрлер петроглифтерімен салыстырғанда бір ерекшеліктері олардың әскери-жауынгерлік суреттері, әсіресе ат үстінде бейнеленумен айрықша танылатыны және тарихи зерттеу тұжырымдамалары дәлелдену мол екені ғылымға мәлім деп толық сеніммен айтуға болады. Олай дейтін себеп жоғарыда келтірген материалдық (петроглифтер) деректер дәлелдей түсетіні анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет куәлары / Ә. Марғұлан. – А.: Қазақстан, 1965. – 5 б.
2. Агапов П.В. Сокровище древнего Казахстана / П.В. Агапов, М.К. Кадырбаев. – Алматы: Жалын, 1979. – 133 с.
3. Медоев А.Г. Гравюры на скалах. Сары Арка, Мангышлак. – Часть первая / А.Г. Медоев. – А.: Жалын, 1979. – 169 с.
4. Сапашев О.С. Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары / О.С. Сапашев, В.Н. Алексеенко, З.С. Самашев. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы. 2006. – 146 б.
5. Агапов П.В. Сокровище древнего Казахстана / П.В. Агапов, М.К. Кадырбаев. – Алматы: Жалын, 1979. – 133 с.
6. Окладников П.А. Сокровища Томских писаниц. Наскальные рисунки эпохи неолита и бронза / П.А. Окладников, А.И. Мартынов. – М.: Искусство, 1972. – 300 с.
7. Максимова А.Г. Наскальные изображения урочища Тамгалы / А.Г. Максимова, А.С. Ермолаева, А.Н. Марьяшев. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 130 с.
8. Максимова А.Г. Наскальные изображения ущелья Тамгалы / А.Г. Максимова. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 200 с.
9. Марьяшев А.Г. Наскальные изображения Семиречья / А.Г. Марьяшев, А.А. Горячев. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 145 с.
10. Самашев З. Петроглифы Казахстана / З. Самашев. – А.: 2006. – 200 с.

REFERENCES

1. Marqulan A., *Ezhegi madeniet kualary. A., Qazaqstan, 1965, 5 (in Kaz).*
2. Agapov P.V., Kadyrbaev M.K., *Sokrovishhie drevnego Kazakhstana. Almaty, Zhalyn, 1979, 133 (in Russ).*
3. Medoev A.G., *Gravjury na skalah. Sary Arka, Mangyshlak. Chast' pervaja. A., Zhalyn. 1979, 169 (in Russ).*
4. Sapashev O.S., Alekseenko V.N., Samashev Z.S., *Shyqys Qazaqstannyn madeni muralary. Oskemen, S. Amanzholov atyndaqy ShQMU baspasy. 2006, 146 (in Kaz).*
5. Agapov P.V., Kadyrbaev M.K., *Sokrovishhie drevnego Kazakhstana. Almaty, Zhalyn,*

1979, 133 (in Russ).

6. Okladnikov P.A., Martynov A.I., *Sokrovishha Tomskih pisanic. Naskal'nye risunki jepohi neolita i bronza. M. Iskusstvo, 1972, 300 (in Russ).*

7. Maksimova A.G., Ermolaeva A.S., Mar'jashev A.N., *Naskal'nye izobrazhenija urochishha Tamgaly. Alma Ata, Nauka, 1976, 130 (in Russ).*

8. Maksimova A.G., *Naskal'nye izobrazhenija ushhel'ja Tamgaly. Alma Ata, Nauka, 1970, 200 (in Russ).*

9. Mar'jashev A.G., Gorjachev A.A., *Naskal'nye izobrazhenija Semirech'ja. Alma Ata, Nauka, 1975, 145 (in Russ).*

10. Samashev Z., *Petroglify Kazahstana. A., 2006, 200 (in Russ).*

УДК 347.736(574)

А.А. РАМАЗАНОВА, М.И. ДЯЧУК

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ИНСТИТУТ НЕСОСТОЯТЕЛЬНОСТИ И БАНКРОТСТВА ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Статья посвящена проблемам несостоятельности и банкротства юридических лиц, рассматривается институт несостоятельности и банкротства, задачи, анализ работ, посвященные проблемам несостоятельности и банкротства, современных казахстанских и российских юристов.

Ключевые слова: банкротство, юридическое лицо, институт несостоятельности.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ДӘРМЕНСІЗДІК ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ ИНСТИТУТЫ

Мақалада заңды тұлғалардың дәрменсіздік және банкроттық мәселелеріне арналған. Дәрменсіздік және банкроттық институты, сондай-ақ қазақстандық және ресейлік заманауи заңды тұлғалардың дәрменсіздік және банкроттық мәселелеріне арналған тапсырмалар, жұмыс анализдері қарастырылған.

Түйін сөздер: банкроттық, заңды тұлға, дәрменсіздік мекемесі.

PROBLEMS INSOLVENCY LEGAL ENTITIES

The article is devoted to the problems of insolvency and bankruptcy of legal entities is considered the institution of insolvency and bankruptcy, objectives, analysis of works devoted to the problems of insolvency and bankruptcy, modern Kazakh and Russian lawyers.

Keywords: bankruptcy, a legal person, the institution of insolvency.

Институт банкротства, недопустимый в условиях планового хозяйства является обычным явлением для рыночной экономики, которая требует рентабельной работы предпринимателей, добросовестного и надлежащего